

28

**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті жанындағы  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің «Ауыл шаруашылығы және  
биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша  
оқу-әдістемелік бірлестігі онлайн отырысының**

**№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Онлайн режимде

10 желтоқсан, 2020 ж.

**Модератор** - РОӘК ОӘБ-нің төралқа мүшесі, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, э.ғ.к., профессор м/а Е. Махашев.

**Хатшы** - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, И. Жанашев.

**Қатысқандар:** 28 адам, 7 ЖОО-нан онлайн қатысты

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**2020-2021 жылға арналған тест спецификацияларына өзгерту**

РОӘК ОӘБ-ЖБТ-ның ғалым хатшысы, И. Жанашев сөз сөйледі:

2018 жылғы классификаторға сәйкесті дайындалған спецификацияда «Аграрлық техника және технология» білім беру бағыты 6В071-«Инженерия және инженерлік іс» бағытта болатын, БҒМ кейін «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытында ауыстырды, сондықтан Жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім беру бойынша Кешенді тестке осы кемшілікті жөндеп жаңа спецификация жасап ұсынуымыз қажет, және ОӘБ-ЖБТ мүшелерінен төмендегі ұсыныстар келіп түсті:

2020 жылдың 08 желтоқсандағы жолдаған № 14-3/2055-ВН хатқа сәйкес, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы Оқу-әдістемелік бірлестік - Жобаларды басқару тобы Магистратураға кешенді тестілеу тапсырмаларының базасын жетілдіру мақсатында 2021 жылға арналған тест спецификациялары бойынша БҒМ-не төмендегідей ұсыныс айтылды:

1. *ҚеАҚ «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технология кафедрасының профессорлары С.Қ. Шәуенов, М.Б. Сагинбаева, С.К. Бостанова:*

Білім беру бағдарламасында **М132 – «Мал шаруашылығы»** кешенді тестілеудің **2 бейінді пәнінде** - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы көп салалы (Ірі қара шаруашылығы, сүт пен ет өндіру технологиясы; қой шаруашылығы, қой етін, жүнін өндіру технологиясы; жылқы шаруашылығы, жылқы еті мен қымызын өндіру технологиясы; құс шаруашылығы, құс өнімдерін өндіру технологиясы) пәндердің сұрақтар санын пайыздық үлесінде көбейту қажет (10-15%), ал қосымша мал шаруашылығы пәндерінен (аң шаруашылығы; балық шаруашылығы; түйе шаруашылығы, жүн, ет және шұбат өндіру технологиясы; омарташылық) сұрақтар санын қысқарту қажет (5% жеткілікті) деп ұсынатындықтарын айтты.

2. *М. Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Су ресурстары жерді пайдалану және агротехника» кафедрасы доценті, т.ғ.к. КазНАУ РҮМС мүшесі Баймаханов Кенжесмырза:*

136-позициядағы «**Аграрлық техника және технологиясы**» білім беру бағытындағы, білім беру бағдарламасындағы тестілеудің бейіндік пәндерін «**Тракторлар мен автомобильдер**» пәнінің атауын «**Ауыл шаруашылық машиналары**» деп және «**Мал шаруашылығын механикаландыру және агротехнологиялық машиналары**»

пәнің атауын «Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары» деп өзгертілсе дұрыс болар еді.

Себебі, Ауыл шаруашылық машиналары құрамына трактор және автомобильде кіреді.

Қазіргі оқыту жүйесінде көп шаруа автоматика арқылы басқарылуда, мал шаруашылығында бізге бұл басқару түрі әлі кірмеген, деп мәлімдеді.

а) Білім беру бағдарламасында **М132 – «Мал шаруашылығы»** кешенді тестілеудің **2 бейінді пәнінде** - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы көп салалы (Ірі қара шаруашылығы, сүт пен ет өндіру технологиясы; қой шаруашылығы, қой етін, жүнін өндіру технологиясы; жылқы шаруашылығы, жылқы еті мен қымызын өндіру технологиясы; құс шаруашылығы, құс өнімдерін өндіру технологиясы) пәндердің сұрақтар санын пайыздық үлесінде көбейту қажет (10-15%), ал қосымша мал шаруашылығы пәндерінен (аң шаруашылығы; балық шаруашылығы; түйе шаруашылығы, жүн, ет және шұбат өндіру технологиясы; омарташылық) сұрақтар санын қысқарту қажет (5% жеткілікті) деп ұсынамыз.

б) Білім беру бағдарламасында **М136-«Аграрлық техника және технологиясы»** бейінді пәндер атауына (1-кесте) бойынша өзгертуді ұсынамыз.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Төмендегі кестеде көрсетілгендей «Аграрлық техника және технологиясы» Білім беру бағдарламасы тобының бейінді пәндері төмендегідей атауы өзгертілсін.

1-кесте

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	Бейінді пәндер	
		1 бейінді пән	2 бейінді пән
М136	Аграрлық техника және технологиясы	Ауыл шаруашылық машиналары	Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру машиналары

2. Осы пәндердің спецификасын дайындауда кафедра меңгерушілері Жетпейсов Мизамбек Токеновичке және Бекбосынов Серік Бекбосыновичке табысталсын

Көшірмені растаймын:

РОӘК ОӘБ-ЖБТ ғылыми хатшысы

И.Жанашев